

**Педагогикалық әдеп кеңесі отырысының
№ 4 хаттамасы**

20 мамыр 2022 жыл

Катыскандар: 10

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті.
2. Өзінді өзің тәрбиелеу жолдары.

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңесінің төрайымы
Жұлдыбаева С.У. сөз алды.**

Алдымен тренингтерге кезек берейік.

Сөз алды: Даляхова Г.К.

«Менің мінезім» психологиялық тернингін сіздерге өткіземін.

Ақ паракты төрт бөлікке бөліп, әр қайсысына айтылған жаңуарлар жазылады.

Мұғалімдерге тренингтің кортындысы айтылды.

Сөз алды: Жұлдыбаева С.У.

«Мен қандаймын?» тренингі мұғалімдермен өткізіліп, корытындысы айтылды.

Педагогикалық әдеп – мұғалімнің кәсіптік белгісі. Ол белгі адамның үйреншікіті әдетінен, сөйлеген сөзінен, тіпті киім киісінен де байқалуы мүмкін. Мұғалім кәсібінің ерекшелігі ең алдымен оның педагогикалық әдебінде жатады.

Педагогикалық әдеп сакталмайынша окушымен тіл табысу мүмкін емес, ал окушылардың тілін тапайынша, оқу – тәрбие процесінде ілгерілеу жок. Педагогтық әдепті окушылардың жүргегіне жол таба білу деп түсінген жөн.

«Әдеп»(такт) сөзі «жұғысу», «адамдар ара-қатынасының түрі» мағынасында колданылады. Әдеп – адамдардың өзара жақсы қарым – катынас жасаудына кажетті жағдай. Әдепті адамдарға басқаларға барынша жақсылық жасауды, куаныш әкелуді тілеп тұру тән.

Балалар мен тәрбиелеу ісінде жалпы әдеп атаулыны педагогикаға кіріктіріп пайдаланудың өзі педагогтық әдеп болып есептеледі. Әдепті адамдарды олардың кішіпейілдік, тапқырлық, елгезектік, өзгенін пікіріне күлак асушылық, ұстамдылық, байсалдылық, әзілкештік сияқты мінез – құлық белгілеріне қарап тануға болады. Педагогикалық әдептің негізгі окушыларға деген шын ықыласта және олардың адамдық ар – ұятына деген адалдықта жатыр. Педагогтық әдепке – баланы адам ретінде сыйлау деп анықтама беруге болады.

Педагогтық әдеп, кең мағынасында алғанда – мұғалімнің әрбір нақты іс үстінде тәрбие мәселесінің ең ұтымды әдіс – тәсілдерін колданып, окушыларды еліктіріп әкететін кәсіптік сапасы.

Оразова Ж.Е. сөз алды:

Сөйлеу мәдениеті - үлкен касиет, мазмұны жағынан терен, ұтымды, әділетті, көркем, ғылыми, бай, халық тілі. Сөз қолдану мәдениетін арттыратын негізгі шаралардың бірі – тіл тазалығы. Сөйлеу мәдениеті жетілмейінше, ақыл-ой мәдениетіне жету киын. Қандай адам болмасын, ой-өрісінің, білімінің, мәдениеті мен рухани дүниесінің қаншалықты екені оның жазған жазуынан, сөйлеген сөзінен байқалады.

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңесінің мүшесі
Жауымбаева А.У. сөз алды.**

Тәрбиеленуші үшін өмірлік міндеттерді шешуге реализмің көп мөлшерде болуы оларды іске асырудағы сәттілік пен сәтсіздік басты фактор болып саналады. Сонымен қоса тұлғалық қасиеттерді қалыптастырудың өзін-өзі тәрбиелеу мен ұжымдық іс-әрекетті ұштастыра отырып, біршама жетістіктерге жетуге болады. Себебі әрбір индивидтің өз қабілеттерін жан-жакты дамытуы осы жерден басталады.

Кәсіби өзін-өзі тәрбиелеу кез келген әрекет сияқты мотивтер мен белсенділіктің күрделі жүйесіне ие. Мұғалімнің өзін-өзі тәрбиелеуінің қозғауышы күші өздігінен даму қажеттілігі. Кәсіби өзін-өзі тәрбиелеу негізінде, педагог әрекетіндей сияқты, мақсат пен мотив арасындағы қарама-қайшылық жатыр. Мотивтің мақсатқа жылжуын қамтамасыз ету - өзін-өзі тәрбиелеу қажеттілігі болып табылады. Мұғалімнің өзін-өзі тәрбиелеудегі мұндай қажеттілік белсенділікпен анықталады: борыш, жауапкершілік, кәсіби намыс т.б.

Психологтар өзін-өзі бағалауды қалыптастырудың екі тәсілін көрсетеді. Біріншісі, өзінің үмтүлдыс деңгейін жеткен нәтижемен салыстыру, екіншісі - әлеуметтік салыстыру немесе өз пікірін айналасындағылармен салыстыру. Осы тәсілдерді қолданғанда адекватты өзін-өзі бағалау өндөледі.

Кәсіби өзін-өзі тәрбиелеу процесінде бір-бірімен тығыз байланысты 3 кезеңді көрсетуге болады:

- өзін-өзі тану,
- өзін-өзі бағдарламалау,
- өз-өзіне әсер беру.

Жулдыбаева С.У. сөз алды:

Биылғы оқу жылында ешқандай арыз- шағым түскен жоқ. Барлық отырыстар уақытылы еткізілді.

Кенес шешімі:

1. Орталық мұғалімдері педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениетін сақтау.
2. Педагогтар арасында тренингтер үйымдастыру.
3. Педагог өзін-өзі тәрбиелеу жұмыстарын жүргізу.

Кенес төрайымы: Оғ Жулдыбаева С.У.

Хатшы: Рұйна Дүйсенова А.Е.